

Бекітемін.
« 02 » 09 2024 ж
«Ақмола облысы білім басқармасының
Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі
Қызыл-Қазақстан ауылының
Нұрғабыл Малғаждаров атындағы
негізгі орта мектебі» КММ
директорының м.а: Г.А.Ахметова

2024-2025 оқу жылы бойынша «Біз біргеміз» отбасы клубының жоспары

№	Іс шаралардың атауы	Орындау мерзімі	Жауапты
1	Отбасылық құндылықтарды насихаттауда іс-шаралар ұйымдастыру, дәріптеу.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
2	«Отбасы бақыт мекені» бірыңғай тәрбие сағаты	Қыркүйек	Сынып жетекшілер
3	«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» тұрмысы төмен отбасыларға көмек беру	Қазан	Аға тәлімгер Сынып жетекшілер
4	«Біз бәріміз балалық шақтанбыз...» отбасылық фотосуреттер байқауы	Ақпан	Аға тәлімгер
5	«Мерейлі отбасы» табиғи материалдардан жасалған композициялар конкурсы	Наурыз	Сынып жетекшілер
6	«Отбасы ағашы» акциясы	Сәуір	Сынып жетекшілер
7	Оқу жылы қорытындысы негізінде отбасыларды марапаттау.	Мамыр	Аға тәлімгер

«Біз біргеміз» отбасы клубы

- **Мақсаты:** Отбасылық құндылықтарды сақтау, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру. Ата-ана мен бала арасындағы және отбасы мүшелерінің бір-біріне жақсы қарым-қатынастарын орнату. Қамқоршыларға құрмет әрі қолдау көрсету.
- **Міндеттері:** Тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда мектепке көмек көрсету. Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау.
- **Күтілетін нәтиже:** Өз ұлтының әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін кастерлейтін; өз ойын ашық жеткізетін, көпшілік алдында сөйлей білетін білімді, саналы, ата-ананы, отбасын, өмір құндылықтарын құрметтейтін тұлға қалыптасады.

Отбасылық құндылықтар дегеніміз-отбасын құрып, мықты шаңырақ болу мен бала тәрбиелеуде қолданылатын ежелден келе жатқан ұстанымдар. Отбасы құндылықтары: өзара сыйластық, қолдау, адалдық, түсіністік, үлкенге-ізет, кішіге-құрмет, ауызбіршілік, сенім арту т.б. Отбасылық дәстүрлі құндылықтарға: салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, даналық сөздер, тыйым сөздер жатады. Жас ұрпақты отбасылық құндылықтарымызды бағалауға, оларды сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі дер едім.

Отбасылық құндылықтарды насихаттайтын, күрделі мәселелерді терең өте дәл жеткізетін қысқа қайырымды даналық сөздер.

- «Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды, кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды»;
- «Аға әдепті болса, іні әдепті. Апа әдепті болса, сіңлі әдепті»;
- «Әдептің не екенін, әдепсіз адамды көргенде ұғарсың»;
- «Әдепті жігіт өсірсе, ауылдың абыройы»;
- «Жібек мінезді қыз жұртқа жағады»;
- «Қызым үйде, қылығы түзде»;
- «Егін өнбесе қайғы — бір жылдық, балаң оңбаса қайғы — ғұмырлық»;
- «Әкені көріп ұл өсер, ананы көріп қыз өсер»;
- «Бала тәрбиесі – бесіктен»;
- «Жақсы қыз жағадағы құндыз, жақсы жігіт көктегі жұлдыз».
- «Атадан жақсы ұл туса есіктегі басын төрге сүйрер».
- «Атадан жаман ұл туса төрдегі басын жерге сүйрер»